

Бекітемін:

№ 35 «Балақай» бөбекжай-бақшсының
меңгерушісі М. А. Ерінуақова А.С.

Пед.Кәзес №1 хаттамасы

« 31 » 2021 жыл



Вариативтік компонент
«Тапқыр достар»
(Интеллектуалдық дамыту ойындары)

Ересек тобы

2021-2022 оқу жылы

Интеллектуалдық дамыту ойындары

4 жас

Түсіндірме хат.

Максаты: Мектепке дейінгі балалардың жас және жеке ерекшелігіне қарай психологиялық, физиологиялық және ақыл-ойының дамуының танымдық процестерін кеңейтіп қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Ойын құралы арқылы түрлі заттың жобасын құрастыру.
2. Заттарды түсіне, көлеміне қарай сәйкестендіру, жинақтау.
3. Ұстап, көріп, сезу арқылы затты тану, құрастыру.
4. Баланың жеке дамуы және өзіндік көзқарасын дамыту.
5. Пікірлесу арқылы, тіл дамыту, ұжымдық бірлестікке тәрбиелеу.

Мазмұны:

1. Түрлі-түсті бөлшектер.

Түрлі-түсті бөлшектер арқылы әр түрлі пішіндерді, айнала қоршаған заттарды, жануарларды, көліктерді, кесенелерді құрастыра білуді үйрету. Бөлшектердің түстерін, пішіндерін ажырату және бірдей бөлшектерді сәйкестендіру, қажетіне қарай бөлшектерді таңдай алуды үйрету.

2. Таяқшалар.

Түрлі-түсті таяқшалардың түстері мен өлшемдері арқылы әр түрлі пішіндер, заттарды құрастырып үйрету.

3. Ақылды текшелер

Карточкалар арқылы оларда жасырынған түрлі заттарды анықтау, суреттер туралы қысқаша әңгімелеу, текшелер арқылы түрлі заттарды құрастыруға, сәйкестендіруге үйрету. Үсті-асты, ортасы ұғымдарының мағынасын түсіндіру. Заттарды санына қарай сәйкестендіруді үйрету.

4. Көбелектер

Бұл тапсырмада балалар түстерді ажыратуды, сәйкестендіруді, санауды үйренеді, есте сақтау, ойлау процестері дамиды.

5. Сәулетші

Тактайшаларды үлгі бойынша жинау (тігінен, көлденеңнен, қырынан), санау, құрастыруды үйрету және әңгімелеу арқылы тілдерін дамыту.

6. Пішіндер

Түрлі-түсті бөлшек пішіндерден бүтін пішіндер құрастыру, санау, орындарын анықтау, құрастыру және оларды атау.

7. Тез тап

Берілген карточкалардағы суретке қарап, жануарлардың орнын ойын алаңынан табу арқылы, балалардың танымын кеңейтіп, зейінін қалыптастыру процестерін дамыту.

8. 3D ұшбұрышы

Түрлі-түсті ұшбұрыштардың түсін ажырату, түрлі пішіндер жасай білуін, жануарлар, кесенелер, өрнектер құрастыруға, үлгіге сәйкес таңдай алуға, тиісті орнын табуға үйрету.

9. Көркем өрнек

Бөлшектерді түстері, бағыты бойынша орналастырып, түрлі өрнектер құрастыру. Шығармашылықтарын дамыту.

10. Жол бағдар

Нұсқаулықты пайдалана отырып, түрлі-түсті белгілер арқылы жолдарын құрастыру, белгілерді анықтап айту.

Интеллектуалдық дамыту ойыны баланың ұқыптылығын, мұхияттылығын, икемділігін қалыптастырады. Сонымен қатар, талдау, жоспар құру, шешім қабылдау, заттарды реттестіру, санау, логикалық байланыс орнату, сәйкестендіру әрекеттерін жүзеге асырады.

Өтпелі ай тақырыбы	Апта тақырыбы	«Тапқыр достар!» Тақырыбы:	Мақсаты
«Балабақша»	«Балабақша»	Түрлі-түсті бөлшектер Ойын: «Балабақша» құрастыру	Балаларды түрлі-түсті бөлшектермен таныстыру, бөлшектерді пайдаланып балабақша құрастыру.
	«Менің достарым»	Ақылды текшелер Ойын: «Желкенді қайық» (топтық ойын)	Балаларға достық сөзінің мағынасын түсіндіріп, бөлшектерден желкенді қайық құрастыру.
	«Сүйікті ойыншықтарым»	Түрлі-түсті бөлшектер Ойын: «Жүк көлігі» (жеке ойын)	Түрлі-түсті бөлшектерден жүк көлігін құрастыру.
	«Жиһаздар»	Сәулетші Ойын: «Жиһаз» (топтық ойын)	Тақтайшалардан жиһаздарды құрастыру.
«Менің отбасым»	«Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»	Түрлі-түсті бөлшектер Ойын: «Менің үйім» (жеке ойын)	Балаларды отбасы және оның мүшелері туралы ұғыммен таныстыру. Балаларға бөлшектерді пайдалана отырап, түрлі тәсілімен үй құрастыру.
	«Менің көшем»	Ақылды текшелер Ойын: «Жол бағдар» (топтық ойын)	Балалармен өзінің тұратын көшесі туралы әңгімелесу, көше туралы түсініктерін кеңейту. Үлгі бойынша жол бағдарын құрастыру.
	«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»	Таяқшалар Ойын: «Жауқазын» (жеке ойын)	Таяқшалардың арасынан жауқазын құрайтын бөлшектерді табуды және орналастыру ретін білу үйрету. Балалардың зейінін дамыту.
	«Алтын күз»	3Д үшбұрыш Ойын: «Күн» (жеке ойын)	Түрлі-түсті үшбұрыштардан күн құрастыру.

«Дені саудың жаны сау»	«Өзім туралы»	Түрлі-түсті бөлшектер Ойын: «Адам құрастыру»	Түрлі-түсті бөлшектерден адам бейнесін құрастыру.
	«Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»	Ақылды текшелер Ойын: «Жасырынған жемістер» (топтық ойын)	Балаларға дұрыс тамақтану, дәрумендер туралы түсініктерін кеңейту. Суреттердің арсынан жасырынған жемістерді табу.
	«Өзіңе және өзгелерге көмектес»	Көбелектер Ойын: «Бір түсті көбелектер» (топтық ойын)	Түстері сәйкес көбелектерді жинау.
	«Біз күштіміз, ептіміз»	Сәулетші Ойын: «Үшбұрыш құрастыру» (топтық ойын)	Тақтайшалардан үшбұрыштар құрастыру.
«Менің Қазақстаным»	«Тарихқа саяқат»	Көркем өрнек «Көркем өрнектер» (жеке ойын)	Бөлшектерден өз ойынан пішін құрастыру.
	«Туған өлкем»	3Д үшбұрыш Ойын: «Жұлдызша өрнек» (жеке ойын)	Түрлі-түсті үшбұрыштардан жұлдызша құрастыру.
	«Нұр-Сұлтан-Отанымыздың жүрегі»	Сәулетші Ойын: «Ғимарат пен бағана құрастыру» (топтық ойын)	Тақтайшалардан ғимаратпен бағана құрастыру.
	«Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті, мемілекеттік рәміздер) »	Пішіндер Ойын: «Жалауша»	Түстері бірдей бөлшектерден үлгідегі пішін бойынша жалауша құрастыру.
«Табиғат әлемі»	«Айналамыздағы өсімдіктер»	Түрлі-түсті бөлшектер Ойын: «Гүл құрастыру» (жеке ойын)	Балаларды түстерді ажырата білуге үйрету.Түрлі-түсті бөлшектерден гүлді орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру.
	«Жануарлар әлемі»	Ақылды текшелер Ойын: «Керік» (топтық ойын)	Жабайы жануарлардың табиғаттағы рөлі мен маңызы туралы түсінік беру. Керік бөлшектерін анықтап, бағыттары бойынша орналастыру.

	«Құстар біздің досымыз»	Түрлі-түсті бөлшектер Ойын: «Торғай» (жеке ойын)	Балаларды түстерді ажырата білуге дағдыландыру.Түрлі-түсті бөлшектерден торғай құрастыру.
	«Ғажайып қыс»	Таяқшалар Ойын: «Қайың ағашы» (жеке ойын)	Түрлі-түсті бөлшектерден қайың ағашын құрастыру.
«Бізді қоршаған әлем»	«Ғажайыптар әлемі (өлі табиғат құбылыстары) »	Ақылды текшелер Ойын: «Бағытты құрастыру» (топтық ойын)	Текшелердегі бейнеленген заттардың бағытын анықтау.
	«Көліктер»	Таяқшалар Ойын: «Кеме» (жеке ойын)	Балалардың су көліктері туралы білімдерін кеңейту. Түрлі-түсті таяқшалардан кеме құрастыру.
	«Электроника әлемі»	Таяқшалар Ойын: «Айналма ойыншығы» (жеке ойын)	Балаларды таяқшаларды түстеріне,санына, көлеміне қарай таңдай білуді, үлгіге қарап айналмақ ойыншығын құрастыру.
	«Мамандықтың бәрі жақсы»	Тез тап Ойын: «Тез тап» (топтық ойын)	Ойын барысында балалды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.Ортақ байланысы бар суреттерді тез тауып көрсету.
«Салттар мен фольклор»	«Қазақстан халқының салттарымен дәстүрлері»	Таяқшалар Ойын: «Өрнек құрастыру» (жеке ойын)	Балалардың қазақ ою-өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру.Түрлі-түсті бөлшектерден өрнек құрастыру.
	«Ертегілер елінде.Театр әлемі»	Ақылды текшелер Ойын: «Кәмпиттерді сәйкестендіру» (топтық ойын)	Текшелерден тізбек құрастыру арқылы текшелердің орнын табуға жаттықтыру.
	«Өнер көзі халықта»	Көркем өрнек Ойын: «Бөлшектерден құрылған өрнек» (жеке ойын)	Түстерді ажыратып, түрлі өрнектер құрастыра білуге үйрету. Түрлі бөлшектерді пайдаланып, үлгідегі пішіндерді жасау.
	«Нұр төккен,гүл көктем»	Көбелектер Ойын: «Түрлі-түсті көбелектер» (топтық ойын)	Балалардың түстер туралы білімін бекіту. Көбелектер арасынан үш түсті көбелектерді табу.
«Біз еңбекқор баламыз»	«Аялайық гүлдерді»	Сәулетші Ойын: «Жапырақ» (топтық ойын)	Балаларға гүлдер туралы түсінік беру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Таяқшалардан жапырақтар құрастыру.

	«Ас атасы- нан»	Ақылды текшелер Ойын: «Ойлан тап» (топтық ойын)	Тігінен және көлденеңнен тұрған текшелердің қиылысқан жеріне қоятын пішіндерді анықтау.
	«Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»	Таяқшалар Ойын. «Өрмекші» (жеке ойын)	Түрлі-түсті таяқшалардан өрмекшінің өрмегін құрастыру. Жәндіктер туралы ұғымдарын кеңейту.
	«Еңбек бәрін жеңбек»	Түрлі-түсті бөлшектер Ойын: «Алты қатарлы мұнара» (жеке ойын)	Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша бөлшектерді біріктіре білу және ойнай отырып шығармашылық қиялдау дағдыларын қалыптастыру. Түрлі-түсті бөлшектерді тігінен құрастыру.
«Әрқашан күн сөнбесін!»	«Достық-біздің тірегіміз» (халықтар достығы)	Сәулетші Ойын: «Бәйтерек» (топтық ойын)	Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.Топпен бірігіп шығармашылық жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.
	«Отан қорғаушылар» (ҚР әскері, ұлы Отан соғысының ардагерлері)	Түрлі-түсті бөлшектер Ойын: «Алау» (жеке ойын)	Балалардың негізгі түстер туралы білімдерін бекіту. Түрлі-түсті бөлшектерден алау құрастыру.
	«Көңілді жаз»	Таяқшалар Ойын: «Балық» (жеке ойын)	Балаларға дұрыс тамақтану, дәрумендер туралы түсініктерін кеңейту. Түрлі-түсті таяқшалар балық құрастыру.
	« Мен жасай аламын»	Түрлі-түсті бөлшектер Ойын: «Робот» (жеке ойын)	Түрлі-түсті бөлшектерден робот құрастыру.